



ХҒТАР 16.21.35
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-28-40>

Шәкәрім өлеңдеріндегі өмір туралы мақал-мәтелдердің танымдық сипаты

Ж. Аманбекқызы^{1*}, Г.О. Сыздықова², Л.М. Хусаинова³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²М. Ақмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті, Уфа, Ресей

(E-mail: ¹zhandau06@gmail.com, ²go.syzdykova@mail.ru, ³lejla-kh@yandex.ru)

Аңдатпа. Бұл мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдеріндегі өмір туралы мақал-мәтелдердің танымдық сипаты талданады. Зерттеу тақырыбы халық ауыз әдебиетінің рухани мұрасындағы өнегелі сөздердің авторлық қолданыстағы танымдық, тілдік және мәдени маңыздылығын дәйектеуге бағытталған. Ғылыми зерттеу барысында Шәкәрім өлеңдеріндегі өмір туралы мақал-мәтелдердің адам өміріндегі құндылықтарды насихаттау мен ұлттық дүниетанымдық негіздерді нығайтудағы рөлін анықтау мақсат етіледі. Зерттеуде ақын өлеңдерінде қолданылған мақал-мәтелдердің құрылымы мен мәніне талдау жасалып, олардың әлеуметтік және рухани мәнмәтіндегі орны бағаланады. Зерттеудің ғылыми маңызы Шәкәрім поэзиясындағы мақал-мәтелдердің ұлттық сипатын түсіну мен көркем шығармаларға тілдік таным тұрғысынан жаңа көзқарас қалыптастыруға негізделеді. Ал практикалық маңызы мақал-мәтелдердің қазіргі білім беру жүйесінде қолдану мүмкіндігін анықтаумен сипатталады. Зерттеу әдістемесі ретінде мәтіндік талдау, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылды. Жұмыс барысында өлеңдердегі өмір туралы мақал-мәтелдер жүйелі түрде талданып, мағыналық ерекшеліктері мен танымдық мәні анықталды. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, Шәкәрім өлеңдеріндегі мақал-мәтелдер өмірдің мәнін ұғындыруға, адамгершілікке, білім мен еңбекке шақыруға бағытталған. Бұл тұжырымдар қазақ халқының рухани құндылықтарын түсінуге үлес қосады және оларды бүгінгі заман қажеттіліктеріне сай бейімдеуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: паремиологиялық бірлік, мақал-мәтел, құндылық, әлемнің тілдік моделі, тілдік тұлға, эллипсис.

Түсті: 30.09.2024; Жөнделді: 11.04.2025; Мақұлданды: 26.06.2025; Онлайн қолжетімді: 25.09.2025

Кіріспе

Қазақ халқының белгілі ақыны, философ, аудармашы Шәкәрім Құдайбердіұлы адам өмірі, адамгершілігі, жай-күйі туралы терең ойларымен танымал. Ақын өз өлеңдерінде адамгершілік әліппесі мен дүниетанымдық мәселелерді жеткізуде қазақтың мақал-мәтелдерін молынан қолданып, ұлт мәдениеті мен даналығының мәнін айшықтайды. Өйткені мақал-мәтелдер тілдік және мәдени құбылыс ретінде қоғам құндылығы мен сенімі, тарихи тәжірибесін бейнелейтін ұжымдық сананың көрінісі болып табылады. Шәкәрім поэзиясындағы мақал-мәтелдер тек көркемдегіш құрал қызметінде ғана қолданылмайды, оның бүкіл шығармаларымен мағыналық бірлікте, өмір туралы философиялық ойларын жеткізудің ажырамас бөлшегі саналады.

Қазақ тіл білімінде Шәкәрім шығармашылығын когнитологиялық бағытта талдап, идеясы мен стилі, сөз қолданысын ғылыми тұрғыдан жаңаша зерделеген ғалым А. Салқынбай ақын поэзиясы туралы: «Шәкәрім шығармашылығының кемелдігі – оның концептуалды ойында, болмыстың сырына үңілуінде, өмірдің мәнін талдауында» деп лайықты бағасын береді (Салқынбай, 2020). Ал бұл зерттеуімізде нақты паремологиялық бірліктерге, мәтінде кездесетін мақал-мәтелдердің тақырыптық ерекшеліктеріне, семантикасына арнайы тоқталамыз.

Шәкәрім поэзиясындағы басты тақырыптардың бірі – адам өмірінің маңызды бөлігін құрайтын ар-ұждан тұжырымдамасы біршама зерттеулерге негіз болған. Мәселен, А.Н. Нурланова, А.К. Сейпутанова, А.Т. Жәмсаптың (2023) «Ш.Құдайбердіұлы поэзиясындағы «ар-ұждан» категориясы» атты мақаласында: «Екі өмірдің азығы – осы ұждан!» – деген Шәкәрім ұйғарымында, «ұждан тек ар-намыс қана емес, ол әрі қанағат, әрі әділет, әрі мейірім. Осы үшеуі бірігіп қана ұжданды құрайды», – дей келіп, мұндай идеяның мәні адамгершілік тәрбиесінің құралы ретінде қолданылған мақал-мәтелдермен айқындала түсетініне тоқталады. Ондағы адал және жауапкершілікті адам болып өмір сүруді насихаттайтын тәрбиелік мән ақын ойымен астасып, оқырманға ой салатындықтан ақын өлеңдеріндегі өмір туралы мақал-мәтелдердің қолданысына тоқталып, мәнін аша түсудің өзектілігі жоғары.

Әдебиеттерге шолу

Мақал-мәтелдердің таным-тәрбиелік мәні өзге тілдерде де тереңінен қарастырылып, тіл білімінде қолданудың тиімділігі бойынша тарихи және әлеуметтік зерттеулер жүргізіледі. Мұның өзі мақал-мәтелдердің түрлі саладағы білім деңгейіне бейімдігі мен әмбебаптығын көрсетеді. Мәселен, индонезиялық мақал-мәтелдерді зерттеуде оларды білім алушылардың тілдік дағдылары мен танымдық қабілеттерін қалыптастыру және мәдени сана-сезімін арттырудың ерекше мүмкіндігі ретінде атап өтеді. Мақал-мәтелдер өткенді бүгінмен байланыстырып, рухани мәдениетке жол ашатын мәңгілік мұра және даналық қазынасы ретінде құнды дей келіп, түрлі мәнмәтіндегі мақал-мәтелдердің бірегей тәрбиелік мәнін үздіксіз зерттеуді ұсынады (Danang, 2023). Ал әлемнің тілдік бейнесіндегі «жүрек» ұғымын зерттеген ғалымдар бұл тақырыптық топтағы сөздердің рухани және материалдық өмірде түрлі себептермен жиі қолданылатынын, олардың әлемнің тілдік бейнесі туралы ақпаратты сақтайтын тұрақты тіркестер мен мақал-

мәтелдер арқылы бейнелі ойды жеткізетініне тоқталады (Sultagubiyeva et al., 2015). Сонымен бірге қазақ, орыс, ағылшын сөз мәдениеті бойынша концептуалды мәнмәтіндегі «отбасы» ұғымының вербалдану механизмдерін зерттеген ғалымдар тілдік таным шеңберіндегі бейнелі ұғымдарды жеткізуде фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдердегі тілдік ақпаратты негізге алады (Ryspayeva et al., 2024). Бұдан шығатын қорытынды, мақал-мәтелдер адам өмірінің сан алуан сәттері мен экзистенциялық күйін суреттеуде таптырмайтын көмекші құрал ретінде қолданылып, мәтінмәтіндегі түпкі ойды айшықтай түседі. Мақаланың дереккөзі ретінде Шәкәрім Құдайбердіұлының «Кәрілік», «Шын сырым», «Ақыл құсы адаспай аспандаса», «Кешегі Қаражан мен Байғұлағым», «Жаз келер», «Кәрілік туралы», «Достыңыз зор, дұшпаның қор», «Өкінішті өмір», «Дүние мен өмір» атты өлеңдері қарастырылды.

Әдіснама

Зерттеу барысында Шәкәрім өлеңдеріндегі мақал-мәтелдердің мағыналық ерекшелігі, оның ішінде адам өмірі мен тәжірибесіне қатысты мәселелерді бейнелі түрде жеткізу жолдары қарастырылады. Бұл зерттеудің негізгі гипотезасы – Шәкәрім шығармаларындағы мақал-мәтелдердің тек стильдік құрал ретінде емес, сонымен бірге адам өмірі туралы терең философиялық және танымдық ойларды жеткізу құралы ретіндегі қызметін айқындау. Мақал-мәтелде сақталған ұлттық таным мен даналық негіздерін ақын өмір шындығымен шебер үйлестіреді. Демек, Шәкәрім шығармаларындағы өмір туралы мақал-мәтелдерді зерттеу арқылы олардың бүгінгі қоғам мәселелерімен де үндесетінін, осылайша уақыт пен мәдениет бірлігінің өзектілігін негіздеуге болады.

Зерттеу кезеңдері Шәкәрім поэзиясы мен қазақ әдебиетіндегі мақал-мәтелдердің тілдік қолданысы туралы әдебиеттерге шолудан басталды. Бұл Шәкәрім шығармаларындағы мақал-мәтелдердің тақырыптық және стильдік мазмұнына қатысты ғылыми еңбектерді талдауды қамтиды. Ақын шығармаларындағы өмір туралы мақал-мәтелдерді анықтау және тақырыптық топтарға жіктеу үшін өлеңдеріне мәтіндік талдау жасалып, әр өлеңі мұқият зерделенді. Зерттеу тақырыбына сай келетін өлеңдер сараланып, онда қолданылған мақал-мәтелдердің өлеңнің жалпы мазмұнына қосқан үлесі назарға алынды. Зерттеуде дереккөздерге сүйене отырып қазақ халық ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдердің танымдық мәні мен қоғамдық құндылықтарды жеткізудегі рөлі автор қолданысындағы тәрбиелік мәнімен бірлікте қарастырылады.

Мақалада Шәкәрім өлеңдеріндегі мақал-мәтелдердің мағынасын айшықтау үшін тілдік талдау әдісі қолданылады. Мұның өзі мәнмәтіндегі мақал-мәтелдердің ұлттық мәдени сипаты мен астарлы мағынасын айқындауға мүмкіндік береді. Шәкәрім поэзиясындағы мақал-мәтелдерді жіктеу үшін адам өміріне, адамгершілігіне, өмірлік тәжірибесіне қатысты қайталанатын тақырыптар мен идеяларды жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік беретін тақырыптық талдау әдісі қолданылды. Сонымен бірге кейс-стади ретінде мақал-мәтелдердің қолданысы мен олардың тақырыптық мағынасын айшықтайтын өлеңдер таңдап алынып, зерттеу нәтижелерін айғақтайтын нақты мысалдар қарастырылды.

Қорыта айтқанда, Шәкәрім өлеңдеріндегі өмір туралы мақал-мәтелдерді зерттеу тіл, мәдениет және таным бірлігіндегі ұлттық мәнге тереңірек үңілуге мүмкіндік береді. Мақал-мәтелдерде қазақ халқының өмірден түйген тәжірибесі мен танымдық ойларының

үйлесімді бейнеленгенін зерттей отырып, ұлттық тәжірибені қалыптастырудағы Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұрасы мен халық даналығының мызғымас бірлігін түсінуге тырысамыз.

Нәтижелер мен талқылау

Шәкәрім шығармаларындағы мақал-мәтелдер көбіне болмыс табиғаты, өткінші уақыт пен ақиқат өлім туралы болып келеді. Сонымен бірге автор мақал-мәтелдер арқылы өмірді зерттеп, өзін-өзі жетілдіру мақсатын да көздейді. Әсіресе, табандылық пен төзімділікті, білімге құштарлықты насихаттайтын мақал-мәтелдерді жиі қолданады. Автор өзін-өзі тану арқылы әлемді тануға бағытталған философиялық ойларын мақал-мәтелдер арқылы да тиімді жеткізеді:

Айнымайтын ақ жүрек пен

Таза ақылды адамның

Таппасы жоқ бұл өмірде,

Осынымды ұқ, балам!

«Бұл өмірге келген соң жақсылық қыл,

Жаман істі жамандарға ғана қалдыр» (Алпысбаева, 2010) деп келетін қазақ мақалымен мағыналас бұл оралымдар арқылы өмірлік қиындықтарды шешуде, тура жол табуда ақ адал жүрек пен таза ақылға сүйенуді жөн көреді. Шәкәрім шығармаларында адам өмірі мен адамгершілігінің мәнін, өмір сырын суреттейтін мақал-мәтелдер молынан көрініс тауып, олар ар-ұждан мен адами қатынастың, өзін-өзі танудың құралы ретінде терең философиялық мәселелерді шешуде дәстүрлі даналықтың көрінісі ретінде сипатталады. Шәкәрім өлеңдерінде қолданылған мақал-мәтелдер қазақтың мәдени құндылығының көрінісі ғана емес, өмірлік мәселелерді шешудегі халық тұрмысы мен тәжірибесінен жинақталған таным-тәрбиелік өнегені жеткізу құралы болып табылады.

«Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде» өмірді «ғұмыр, дүние, жалған, тірлік, тіршілік, дәурен» ұғымдарымен бір синонимдік қатарда беріп: «Адам мен жан-жануарлардың, өсімдіктердің өсу, даму процесі (өлімге қарама-қарсы)» деп сипаттайды (Бизақов және т.б., 2005). Біз зерттеу барысында Шәкәрім шығармаларындағы өмірдің осы ұғымдарға тән қолданысын қарастырып, олардың тақырыптық ерекшелігін, мағыналық жігін айқындайтын боламыз.

Қазақ танымындағы ұғым мәдениеті мәселесін Шәкәрім шығармашылығы аясында жүйелі түрде қарастырған Т. Шаңбайдың «Ұғым мәдениеті» еңбегінде ақынның көркем поэзиясындағы мәдени-философиялық ұғымдар, оның ішінде антропософия (адамзатқа құштарлығы) қамтылған. Мұндай ұғымдардың Шәкәрімнің көркем философиясында жүйелі түрде көрініс табуы кездейсоқ емес, көркемдік-танымдық мәні зор деген автор, осы тұрғыда талдау жасайды. Мұның өзі қазақ этносының дүниетанымын танып-білуге, тереңірек түсінуге ықпал етері сөзсіз. Бұл еңбекте: «Өмір – барлықтың екі дүниедегі көрінісі, мәңгі бақи», – дей келіп, тіршілік туралы ойын Шәкәрім сөзімен сабақтайды: «Тіршілік туралы адам арасында көптен бері айтылып келе жатқан екі түрлі жол бар екен. Бірі дене өлсе де, жан жоғалмайды, өлгеннен соң бұл тіршілікке тіпті ұқсамайтын бір түрлі өмір бар. Сондықтан жалғыз ғана дүние тіршілігінің қамын ойламай, сол соңғы өмірде жақсы болудың қамын қылу керек дейді» (Шаңбай, 2009).

Өмір туралы мақал-мәтелдердің танымдық мәні – адам тәжірибесінің, мәдениеті мен танымының түрлі сипатын қамтитын көп қырлы тақырып. Мақал-мәтелдерді ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан даналығын, адамгершілік сабақтары мен әлеуметтік құндылығын қамтитын тілдік және мәдени қойма деп тануға болады. Олар жеке адамдардың өмір сабақтары мен ұжымдық тәжірибені айшықтайтын, өмірдің түрлі қиындықтарын еңсеруге бағытталған танымдық шеңберді бейнелейді. Мақал-мәтелдерде сақталған мұндай жиынтық ұғым түрлі дереккөздер негізінде олардың танымдық мәнін зерттеуге мүмкіндік береді. Мақал-мәтелдердің өміршеңдігі күрделі өмірлік тәжірибені түсіну мен есте сақтауға жеңіл, қысқа да нұсқа тіркестерге айналдыру қабілетінде жатыр. Ақын өлеңдерінен:

«Қорынып өмір сүргенше,

Қу кедей боп өлген артық» (Алпысбаева, 2010), – деп өмір мен өлімді салыстыра отырып, белгілі бір шарттарға сай келмесе, өлімге басымдық беретін қазақ мақалымен мағыналас мысалдарды кездестіруге болады. Мұндай қолданысты ғалым Б.Б. Динаева «мақал-мәтел компоненттерін ықшамдап қолдану» деп атайды: «Мәтін ішінде де мақал-мәтелдердің компоненттері эллипсиске жиі ұшырайды, яғни белгілі бір сыңарлары түсіріліп қолданылады» (Динаева, 2013). Бұл құбылыс сөйлемнің, ойдың ықшамдығын, өткірлігін, әсерлілігін арттырады десек, қазақ халқының бай мұрасын пайдалануда Шәкәрім Құдайбердіұлы эллипсиске көп жүгініп, мақал-мәтелдерді орнымен жұмсап, олардың бір тағанын не компоненттерін түсіріп, ықшамдап қолданғанын байқауға болады. Сол себепті мақалдың екі-үш сөзі сәйкес келетін мағыналас шумақтарды теріп алдық:

«Ол болмаса, өмірден өлім артық,

Өзің қазып дайында қабырыңды» (Құдайбердіұлы, 2008). «Кәрілік» өлеңінде ақын оның ешкім құтылмайтын бір қазған ор екендігін, қайратсыз болсаң бейнетің ауырлай түсіп, өлмейтін, жазылмайтын сол ауруға шалдығатын кәріден сорлы жоқ екенін жырлайды. Жастайынан әлпештеп өсірген баласы есейгенде ата-анасын қажет етпейтін есерлігі мен жақтырмайтын келіннің кесірлігін көргенде ием деп еркелеген иттен басқа дос таппай жаны қиналады. Осындай шақта жасыңнан жаны сырлас жарың болмаса, қадіріңді білетін балаң болмаса, кәріліктің зарын тартып қорланып өмір сүргенше, қабырыңды өзің қазып, өмірден өткенің жөн дейді. Мұндай өлең ұйқасы мен ой ағынын мақалдың бірнеше сөзін өзгертіп, мағыналық бояуы сақталған авторлық қолданыс деуге болады. Немесе «Шын сырым» атты өлеңінде:

«Өмір бойы өртеніп жүргенімше,

Не өлтір, не тірілт,

Осы шын сырым-ау» (Құдайбердіұлы, 2008)!

Мұнда автор жиырма үш жасында жазылған шын сырын айта келіп, «Жарына» жолығуды армандайды. Жастайынан жүрегіне ой салып, бүкіл санасын жаулап алған құштарлығын сипаттап, ақын өз бойындағы ерекше күйін, ой-санасындағы арпалысын жеткізеді. Сопылық поэзияда «дидар талап» деп сипатталатын «ақылын астыртын ұрлаған көздегі нұры, көңілдегі сәулесіне» деген ынтызарлық сезімі бойын билеп, бұл өмірде өртегенше, біржола өлтіре сал деп жырлатады. Шәкәрім шығармашылығының тұтастай қамтитын негізгі идеясы да осы. Бұл туралы ғалым А. Салқынбайдың сөзімен айтсақ: «...қазіргі адамның рухани-өнегелі оянуы, игілік пен адамгершілік әлеміне келуі,

имандылыққа оралуы, Құдайға, Шынға, Жарға ұмтылуы» (Салқынбай, 2020). Ғалым Шәкәрімдік имандылық танымның тым биік екенін атап өтеді: «Бұл таным – әрекет емес. Бұл таным – махаббат. Махаббат болғанда да – Аллаға, Жарға, Шынға деген махаббат» (Салқынбай, 2020). Бұл жолда ақын өмірін құрбан етуге де разы, алайда оған «жан жараса» деу арқылы мұның өзі кез келгенге берілмейтін сыбаға екендігін атап өтеді. «Ақыл құсы адаспай аспандаса» атты өлеңінде ақын бұл ойын одан әрі айшықтай түседі:

«Өлім маған өмірден мың есе артық,

Жарға құрбан қылуға жан жараса» (Құдайбердіұлы, 2008).

Шәкәрім мұндай асқақ сүйіспеншіліктің жарқын үлгісін көрсетіп, Жарға жету үшін жаннан безіп, мұтылу арқылы тілдік тұлғаның басты идеясын, яғни «жүрегіндегі «татынан» тазарып, нәпсіні толық жеңіп, нұрына шомылу арқылы негізгі миссиясын да орындады дейді ғалым А. Салқынбай: «Осы ерекше сүйіспеншілікті ең жоғары деңгейде, әрі кең жырлаған ақын оны ұлттық таным деңгейіне көтереді. Өзі іздеген хақиқатқа жүреппен жетіп, сенімі сенгенде ақын сүйіспеншілікпен жеткен Жарымен қауышады» (Салқынбай, 2020). Сонымен бірге автор жанын Жарға құрбан қылу ұғымының астарында Шәкәрімнің тілдік тұлғасы мен сопылық ілім негізінде орныққан көзқарасы, менталдық әлемі жатыр деп түсіндіреді. Ал Жарды – Шәкәрімдік дүниетаным қалыптастырған авторлық қолданысындағы Жаратушы, Алла мағынасында деп тәпсірлейді. Жарға деген махаббатымен Жар нұрына қосылуды мақсат тұтқандық, яғни мұтылу дей келіп, оны «Бұл – нәпсінің толық өлуі. Бұл – дүниенің барлық қызығын ұмытып, Шынға, Жарға берілу» (Салқынбай, 2020), – деп сипаттайды. Осылайша, А. Салқынбай Шәкәрім өмірдің мәнін рухани тазалық пен ақ жүрек, таза ақылдан, Жарға деген сүйіспеншіліктен тауып, осы ілімді насихаттайтын Ар білімі оқытылуы керек деген ұсынысын адамзатқа арнайтынына ерекше назар аударады. Ғалым еңбегіне сүйене отырып, Шәкәрім шығармаларындағы түрлі символдық қолданыстардың сырын ұғып, оның негізі Яссауиден бастау алып, халық арасына кең таралған сопылық ілімде жатқанын бағамдауға болады.

Ақын жырлаған мұндай ерекше күй, хәл туралы ғалым Қ. Жаманбаева былай дейді: «Сопылардағы тылсым сәт күнделікті күйкі өмірдің ағымынан тумайды. Бұл – арнаулы, ерекше дайындықпен, соның жолына түскендер ғана бара алатын мистикалық күйдің сәті» (Жаманбаева, 1998). «Шәкәрім шыққан шың», ақын жырлаған хәл ежелден шығыс поэзиясына тән сопылық сарынның жалғасы екенін көруге болады. Оны қазақ мақал-мәтелдерімен әрлеп, құбылта жырлауы, халық танымындағы қарапайым құбылыстармен астастыра суреттеуі ақынның шеберлігі деуге болады. Сол арқылы мұндай өлеңдер баршаға түсінікті, адамгершілік пен имандылықты, мейірімділік пен әділдікті насихаттаған өнегелі жырлар ретінде оқырманына ой салады.

«Кешегі Қаражан мен Байғұлағым» деген өлеңіндегі *«Доссыз өмір – сөнген көмір»* (Алпысбаева, 2010) деген мақал түпнұсқаға өте жақын, бір сөзі ғана (*сөнген – шоғы жоқ қара*) өзгертіліп қолданғанын байқауға болады:

Доссыз өмір – шоғы жоқ қара көмір,

Өткен күн – елестеген ол бір сағым. Мұнда ақын қайтып келмес жастық шағы мен жан достарының арасындағы алаңсыз күндерін қинала еске алады. Бұл өлеңнен ақынның жақындарына деген жоқтауы, жүрегін өртеген жан жарасы мен оларға салауат айтқан ізгі тілегі де байқалады.

«Өткен өмір, қалған салауат» (Алпысбаева, 2010) мақалымен мазмұндас қолданыстарды да ақын өлеңдерінен молынан кездестіруге болады:

Шал-кемпір күншуақтап, көңілі жай боп.

Өткен күн, өмірін айтып, күбірлесіп (Құдайбердіұлы, 2008). «Жаз келер» атты өлеңінде қарттардың өткен өмірі мен баянды ғұмырын жаймашуақ әңгімелеп, ризашылықпен еске алғанын жырлай отырып, адамның қанша нәсіпке ие болса да, көзі тоймай сонда да бір нәрсе күтетін тоғышарлығын жырлайды.

«Кәрілік туралы» өлеңінде адамға қарттық келгенде «артында таяу бір іс» күтіп, жастық өмірімен мақтанып, орнынан тұра алмай жатып, былшылдап, шатып, әрнені айтып, басқаға жалынышты болатын аянышты күйін суреттейді. Бұл кезде болашақтан үміт күтпей, тек өткенді еске алып, соны мақтан етумен күнді өткізіп, көңілдегі жарығың сөніп, өлім күткен шарасыз сәтті жырлайды:

Өткен күнді айтып мақтанып.

Жарығың өшіп көңілден,

Кәрілік жаман өлімнен (Құдайбердіұлы, 2008).

«Өкінішті өмір» атты өлеңінде ақын өз басының қайғылы да ашулы, ызалы күйін суреттейді. Мақсатсыз өмір сүріп, ардан безіп, қу дүниенің соңында жүрген жанның өкініші де көп болатынын ескертеді:

Өткен өмір өкініш, ой жаралы,

Дерті қалың делбемін шірік өкпе (Құдайбердіұлы, 2008).

Ал «Дүние мен өмір» атты өлеңінде адамның өзінен есеп алып, өмірде не көрсе де өзіңнен деген ойды насихаттайды. «Дүние – алдамшы, өмір – қу» дей бермей, өлшеулі өміріңді өнегемен өткіз деген өмірлік ұстанымын дәйектейді:

Өмір, дүние, жер мен көк, өткен заман,

Ажал алмай қоймайды ешкімді аман (Құдайбердіұлы, 2008).

Уақыт биігіне көтеріле білген ақын өмірлік мәселелерге ой толғап, өзіндік ұстанымын, ешкімге ұқсамайтын тағылымдық ой-толғамын жеткізеді. Адамдардан оңашаланып, Саятқорада саяқ ғұмыр кешкен ақын терең ойды талғажау етеді. «Жасын тәрізді тылсым сәтті аңдап қалған адам жаны шексіз уақыт биігіне көтеріледі. Сол арқылы адамның ішкі дүниесінің өзіндік уақыт белгісі қалыптасады. Өзіндік уақыт белгісі бар адам уақыттан үстем шығып, енді оған билік ете бастайды», – дейді Қ. Жаманбаева (1998). Себебі сопылық танымда адамдарды қыспақтан шығармай, тежеп тұратын күш – уақыт қысымы деген автор адам өзінің «менінен» босануы үшін ерте-кеш, жақын-алыс, жоғары-төмен деген ұғымдардан азаттық алып, уақыттан тыс тұрған болмысқа айналады дейді: «Уақытты жеңу деген сөз – қоршаған құбылыстар мен заттар дүниесінен озу деген сөз» (Жаманбаева, 1998). Ал В.А. Маслова (2005) өмірді кеңістік пен уақыт концептісінің ішінде қарастырып, уақыт деген – өмірдің басқаша атауы деген философтардың ұйғарымына сүйенеді. Осылайша, өмір мен уақытты сабақтастыра жырлаған Шәкәрім шығармашылығымен таныса отырып, оны заманына озып туған, материалдық құндылықтардан ада, өз нәпсісін жүгендеп биік рухани дәреже тапқан, уақытты жеңе білген дара болмыс деуге болады.

«Өмір деген дүния, ағып жатқан су екен.

Жақсы-жаман көргенің, ойлап тұрсаң у екен» (Алпысбаева, 2010) деген мақалмен мағыналас тіркестерді де ақын өлеңдерінен көп кездестіреміз. Мәселен, «Дүние мен өмір» атты өлеңінде өмірдің өткіншілігін былай сыйпаттайды:

Кейбіреулер жазады «*қу өмір*» деп,
«*Тұрағы жоқ, алдамшы, сұм өмір*» деп.
«Көрген қызық, қылған іс – бәрі де ұмыт,
Иә, көлеңке, яки түс, у өмір» деп (Құдайбердіұлы, 2008).

«Достыңыз зор, дұспаның қор» атты өлеңінде жоғарыдағы мақалды ықшамдап қолданады:

Дүние қу – бір ағын су,
Түстік онда шөп болып (Құдайбердіұлы, 2008).

Ақын шығармаларында өмірге анықтама берген мұндай өлеңдер жиі кездеседі және оны халық мақалдарымен әрлеп отырады. Дүние туралы ақын толғаныстары осы мақал жолымен астасып жатыр. Сонымен бірге «Дүние мен өмір» атты өлеңінде бірнеше мақалды қатар қолданғанын да байқауға болады.

Өлеңнің алғашқы тармағында «*Бейнет көрмеген зейнет көрмейді*» (Алпысбаева, 2010) деген мақалды оқуға болады:

Бейнет көрме, біреуге бейнет берме,
Дүние – алдамшы, өмір – қу деп елірме,
Дауың дұрыс бола ма, ойласаңшы,
«*Өмір – қу, дүние – алдамшы*» дегеніңмен (Құдайбердіұлы, 2008).

Өмір – мәңгілік ғұмырдың көрінісі. Ол туралы түрлі ғылым саласы түрліше толғайды. Шәкәрім өз ізденістерінде бұл тақырыпқа арнайы тоқталып, «Үш анық» еңбегінде біршама анықтама береді. Тіршілікті адам арасында көптен бері айтылып келе жатқан екі түрлі жол дей келіп, жалғыз ғана дүние тіршілігінің қамын ойламай, сол соңғы өмірде жақсы болудың қамын қылу керек дейді. Ол екі жолды бұл дүние мен мәңгілік әлем (ахира) тізбегі, жанның осы дүниеге келіп-кетуі туралы өмір – тіршілік – өмір тізбегі деп сипаттайды (Шаңбай, 2009).

Өмір туралы мақал-мәтелдердің танымдық мәні мәдени, лингвистикалық және философиялық негізден құралған бай мұра болуымен сипатталады. Олар ұжымдық даналық пен адамгершілік ілімдерді және адамның ішкі күйін бейнелейтін, оның жан дүниесін түсініп, ықпал етуге мүмкіндік беретін когнитивтік құралдар ретінде қызмет атқарады. Адамдардың өмір тәжірибесі негізінде түрлі қиындықтарды шешуге бағытталған когнитивті шеңбер деуге болады. Осылайша, мақал-мәтелдер адами қарым-қатынас пен мәдени тұлғаланудың, когнитивті дамудың маңызды басымдықтарының бірі болып қала береді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдерінде адамның түрлі экзистенциялық күйін жеткізуде мақал-мәтелдерді тиімді қолдана білген. Кәріліктің аянышты күйі мен Жаратушысына жалғанудағы жан сырын жеткізуде «*не өлтір, не тірілт*», мұндай «*өмірден өлім артық*» деп жырлайды. Сағымдай болып жоқ болған, қайта келмес жастығын жырлауда да өткенге салауат айтып, көңілдегі жұбанышын жеткізуде мақал-мәтелдер тиімді қолданылған. Алдамшы, өткінші өмір мен жалған дүниенің тұрақсыздығын суреттеуде метафоралық қолданыстағы «*өмір – қу, дүние – алдамшы*» тіркесті қайталап қолданып, өлеңнің әсерлілігі мен әуезділігін арттыра білген. Өлеңдерде кездесетін өмір туралы мақал-мәтелдердің когнитивті мағынасы лингвистика, психология, мәдениеттану ғылымдарының тоғысында көп қырлы зерттеуді қажет етеді. Өйткені, мақал-мәтелдер лингвистикалық, мәдени және психологиялық факторлардың өзара тығыз әрекеттесуінің нәтижесінде

қалыптасады. Мақал-мәтелдердің танымдық мәні когнитивтік қабілеттер, даму факторлары мен жеке ерекшеліктер негізінде құралады, мұның өзі адамның танымы мен қарым-қатынасын түсінуде құнды зерттеу нысаны болуына ықпал етеді. Бұл туралы қазақ паремиологиялық кеңістігіндегі «билік» субконцептісінің семантикалық өрісін зерттеген ғалымдар: «Халық танымында ғасырлар бойы қазықталған ақпараттар бір жүйеде тоғысып, тілдік кодтар арқылы паремиялар құрамына еніп отырады» (Амирова және т.б., 2024). Осылайша, мақал-мәтелдер ұлттың мәдени даналығын бейнелеп қана қоймайды, сонымен бірге өмір туралы түсінігімізді қалыптастыратын танымдық үдерістер туралы да мол ақпарат береді.

Қорытынды

Шәкәрім поэзиясындағы мақал-мәтелдер эмоционалды және когнитивті аспектілерден басқа әлеуметтік сынның құралы ретінде де қызмет етеді. Шәкәрім әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды бейнелейтін мақал-мәтелдерді қолдана отырып, замандастарының адами кемшіліктерін сынайды. Мақал-мәтелдерді әлеуметтік сынның құралы ретінде қолдану адамгершілік қатынасты қалыптастыруда да өте маңызды.

Қорыта айтқанда, өмір сырын ашуға бағытталған «Кәрілік», «Шын сырым», «Ақыл құсы адаспай аспандаса», «Кешегі Қаражан мен Байғұлағым», «Жаз келер», «Кәрілік туралы», «Достыңыз зор, дұспаның қор», «Өкінішті өмір», «Дүние мен өмір» атты өлеңдерінен өмірдің түрлі сипатын табуға болады. Мәселен, «өмірден өлім артық», «өмір бойы өртеніп жүргенімше, не өлтір, не тірілт», «өлім маған өмірден мың есе артық» деген тіркестерден өмір мен өлімді салыстыра отырып, өлімге басымдық беру мағынасын байқаймыз; «доссыз өмір – шоғы жоқ қара көмір» деген тіркестен доссыз өмірдің сүреңсіз екенін сипаттаса, «өткен күн», «өткен күн, өмірі», «өткен заман» деген тіркестерден өткінші өмір, қайта келмес уақытқа деген сағынышы көрінеді. Ал «қу өмір», «тұрағы жоқ, алдамшы, сұм өмір», «иә, көлеңке, яки түс, у өмір», «дүние қу – бір ағын су», «дүние – алдамшы, өмір – қу», «өмір – қу, дүние – алдамшы» деген тіркестерде баянсыз өмір сипатталса, «бейнет көрме, біреуге бейнет берме» деген тіркесте ешкімге зәбір көрсетпесең, өзің де өмір сүру жеңіл болады деген ой айтылады. Сонымен бірге «Жарға құрбан қылуға жан жараса», «туған жан өлмек, тағдырға көнбек», «кәрілік жаман өлімнен» т.б. секілді авторлық қолданыстар да жиі кездеседі. Зерттеу барысында талданған өмір туралы өлеңдерден басты үш тақырыпты бөліп алуға болады:

- өмір мен өлімді салыстыру;
- өткенге салауат айту;
- өмір деген ағып жатқан судай өткінші дүние. Сонымен бірге өмірді сипаттайтын «доссыз өмір», «біреуге бейнет көрсетпе» секілді жанама түсініктер де қарастырылды.

Мақал-мәтелдер белгілі бір қоғамда білім мен тәрбиені тарату және мәдени сабақтастықты сақтау құралы ретінде қызмет атқарады. Олар өмірдің маңызды сабақтарын ұсынып, әсіресе алдыңғы буынның өмір тәжірибесін жас ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде ұсынады. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мұндай даналықтың мәнін түсіну тарихи тізбекке жалғанып, ұлтыңның әдет-ғұрпы мен рухани құндылықтарын түсіну үшін де аса маңызды. Осылайша, мақал-мәтелдердің танымдық қызметі қарапайым тілдік қызметінен мәдени тұтастық пен ұлттық танымды жеткізуші, әлеуметтік ережелерді реттеуші қызметіне ұласады.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі

Ж. Аманбекқызы материалды жинақтап, мақала мазмұны мен негізгі бөлімін жазды. **Г.О. Сыздықова** мақаланың негізгі идеясы мен тұжырымдамасын айқындап, зерттеу материалдарына талдау жүргізді және мақаланы сыни тұрғыдан қайта қарап, түзетулер мен толықтырулар енгізді. **Л.М. Хусаинова** мақаланың талқылау жұмыстарына атсалысты. Жұмыстың барлық аспектісі бойынша авторлар тең дәрежеде жауапты болып табылады, зерттеу жұмысының тұтастығы мен деректердің дұрыстығы өзара талқыланып, пікір алмасу арқылы нақтыланды.

Әдебиеттер тізімі

Амирова, А., Бейсенбай, А., & Өмірбекова, Ж. (2024). Қазақ паремиологиялық кеңістігіндегі «билік» субконцептісінің семантикалық өрісі. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. Лингвистика, 2(147), 8–17. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-8-17>

Алпысбаева, Қ. (ред.). (2010). Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 66: Қазақ мақал-мәтелдері. Астана: Фолиант.

Бизақов, С., Болғанбаев, Ә., & Дәулетқұлов, Ш. (2005). Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. Алматы: Арыс.

Динаева, Б.Б. (2013). Қазақ мақал-мәтелдерінің прагма-когнитивтік аспектісі. Астана.

Жаманбаева, Қ. Ә. (1998). Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. Алматы: Ғылым.

Құдайбердіұлы, Ш. (2008). Шаһкәрім шығармаларының үш томдық жинағы. Т. 1: Өлеңдер. Алматы: Халықаралық Абай клубы.

Маслова, В.А. (2005). Введение в когнитивную лингвистику: учебное пособие. Минск: ТетраСистемс.

Нурланова, А.Н., Сейпутанова, А.К., & Жәмсап, А.Т. (2023). Ш. Құдайбердіұлы поэзиясындағы «ар-ұждан» категориясы. Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы, 4, 238–247. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.16>

Салқынбай, А. (2020). Шәкәрім шыққан шың. Алматы: Қазақ университеті.

Шаңбай, Т. (2009). Ұғым мәдениеті (Шәкәрім шығармашылығы аясында). Алматы: Паритет.

Danang, S.N. (2023). Uncovering the pedagogical propositions embedded in Indonesian proverbs through cognitive semantics analysis. International Journal of Innovative Research in Multidisciplinary Education, 2(11), 585–601. <https://doi.org/10.58806/ijirme.2023.v2i11n07>

Ryspayeva, D., Akhmetova, G., Borgul, N., & Isakova, G. (2024). Mechanisms of concept verbalization in the ethnolinguistic context. Journal of Psycholinguistic Research, 53(47). <https://doi.org/10.1007/s10936-024-10089-2>

Sultagubiyeva, A., Avakova, R., & Kortabayeva, G. (2015). Concept “Heart” in the language picture of the world. International Journal of Humanities Social Sciences and Education (IJHSSE), 2(1), 116–120. <https://www.arcjournals.org/pdfs/ijhsse/v2-i1/15.pdf>

Ж. Аманбекқызы*¹, Г.О. Сыздықова², Л.М. Хусаинова³

^{1,2}*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

³*Башкирский государственный педагогический университет имени М. Акмуллы, Уфа, Россия*

Познавательный характер пословиц и поговорок о жизни в стихах Шакарима

Аннотация. Статья посвящена анализу познавательной функции пословиц и поговорок в стихах Шакарима Кудайбердиулы. Исследование раскрывает их роль в воспитании, передаче культурных и нравственных ценностей, а также в формировании национального мировоззрения. Цель научного исследования – проанализировать пословицы и поговорки в стихах Шакарима и определить их роль в пропаганде ценностей и укреплении национальных мировоззренческих устоев в жизни человека. В статье изучаются структура и суть паремиологических единиц, их смысловые особенности и влияние на социальный и духовный контекст. Научная значимость исследования заключается в осмыслении национального характера пословиц и поговорок в поэзии Шакарима и формировании нового подхода к литературному наследию с точки зрения языкового познания. А практическая значимость характеризуется определением возможности использования этих пословиц в современной системе образования. В качестве методологии применяются текстовый анализ, сравнительно-исторический метод, кейс-стади и концептуально-логический подход. Полученные результаты подтверждают, что пословицы и поговорки Шакарима способствуют осмыслению смысла жизни, нравственному воспитанию, стремлению к знаниям и труду. Практическая значимость работы заключается в ее применении в области языкознания, этнолингвистики и воспитания молодежи.

Ключевые слова: паремиологическая единица, пословицы и поговорки, ценность, языковая картина мира, языковая личность, эллипсис.

Zh. Amanbekkyzy*¹, G.O. Syzdykova², L.M. Khusainova³

^{1,2}*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

³*Bashkir State Pedagogical University named after M. Akmulla, Ufa, Russia*

The cognitive character of proverbs and sayings about life in Shakarim's poems

Abstract. The article is devoted to the analysis of the cognitive function of proverbs and sayings in Shakarim Kudaiberdiuly's poems. The study reveals their role in education, the transmission of cultural and moral values, as well as in the formation of a national worldview. The purpose of the scientific research is to analyze proverbs and sayings in Shakarim's poems and determine their role in promoting values and strengthening national ideological foundations in human life. The article examines the structure and essence of paremiological units, their semantic features, and their impact on the social and spiritual context. The scientific significance of the research lies in understanding the national character of proverbs and sayings in Shakarim's poetry and forming a new approach to literary heritage from the point of view of linguistic cognition. The practical significance is characterized by the definition of the possibility of using these proverbs in the modern education system. The methodology uses textual analysis, comparative historical method, case study, and a conceptual-logical approach. The results obtained confirm that Shakarim's proverbs and sayings contribute to understanding the meaning of life,

moral education, and the pursuit of knowledge and work. The practical significance of the work lies in its application in the field of linguistics, ethnolinguistics, and youth education.

Keywords: paremiological unit, proverbs and sayings, value, linguistic model of the world, linguistic personality, ellipsis.

References

- Amirova A., Beisenbai A., & Omirbekova Ж. . (2024). Semantic field of the subconcept «power» in the Kazakh paremiological space. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. PHILOLOGY Series, 147(2), 8–17. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-8-17> (in Kazakh)
- Alpysbaeva, K. (Ed.). (2010). Babalar sozi: Zhuz tomdyk. T. 66: Kazak makal-matelderi [The words of the ancestors: In one hundred volumes. Vol. 66: Kazakh proverbs and sayings]. Astana: Foliant. (in Kazakh)
- Bizakov, S., Bolganbaev, A., & Dauletkulov, Sh. (2005). Kazak tilinin sinonimder sozdigi [Dictionary of synonyms of the Kazakh language]. Almaty: Arys. (in Kazakh)
- Dinyaeva, B. B. (2013). Kazak makal-mateldерinin pragma-kognitivtik aspektisi [Pragma-cognitive aspects of Kazakh proverbs]. Astana. (in Kazakh)
- Zhamanbayeva, K. A. (1998). Til koldanysynyn kognitivtik negizderi: emotsiya, simvol, tildik sana [Cognitive foundations of language use: Emotion, symbol, linguistic consciousness]. Almaty: Gylym. (in Kazakh)
- Kudaiberduly, Sh. (2008). Shahkarim shygarmalarynyn ush tomdyk zhinagy. T. 1: Olender [Collected works of Shakarim in three volumes. Vol. 1: Poems]. Almaty: Khalyqaralyq Abai kluby. (in Kazakh)
- Maslova, V.A. (2005). Vvedenie v kognitivnuyu lingvistiku: uchebnoe posobie [Introduction to cognitive linguistics: A textbook]. Minsk: TetraSistems. (in Russian)
- Nurlanova, A.N., Seiputanova, A.K., & Zhamsap, A.T. (2023). Sh. Kudaiberduly poeziyasindagy «ar-uzhdan» kategoriyasy [The category of “conscience” in Shakarim Kudaiberduly’s poetry]. Bulletin of the Eurasian Humanities Institute, 4, 238-247. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.16> (in Kazakh)
- Salkynbai, A. (2020). Shakarim shykkan shyn [The peak Shakarim reached]. Almaty: Kazak universiteti. (in Kazakh)
- Shangbai, T. (2009). Ugym madenieti (Shakarim shygarmashylygy ayasynda) [The culture of concepts (Within the works of Shakarim)]. Almaty: Raritet. (in Kazakh)
- Danang, S.N. (2023). Uncovering the pedagogical propositions embedded in Indonesian proverbs through cognitive semantics analysis. International Journal of Innovative Research in Multidisciplinary Education, 2(11), 585-601. <https://doi.org/10.58806/ijirme.2023.v2i11n07>
- Ryspayeva, D., Akhmetova, G., Borgul, N., & Iskakova, G. (2024). Mechanisms of concept verbalization in the ethnolinguistic context. Journal of Psycholinguistic Research, 53(47). <https://doi.org/10.1007/s10936-024-10089-2>
- Sultagubiyeva, A., Avakova, R., & Kortabayeva, G. (2015). Concept “Heart” in the language picture of the world. International Journal of Humanities Social Sciences and Education (IJHSSE), 2(1), 116–120. <https://www.arcjournals.org/pdfs/ijhsse/v2-i1/15.pdf>

Авторлар туралы мәлімет:

Аманбекқызы Ж. – хат-хабар үшін автор, PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: zhandau06@gmail.com, ORCID: 0009-0005-6828-4542.

Сыздықова Г.О. – филология ғылымдарының докторы, доцент, профессор м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: go.syzdykova@mail.ru, ORCID: 0000-0001-6365-0113.

Хусаинова Л.М. – филология ғылымдарының докторы, профессор, М. Ақмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті, Уфа, Ресей. E-mail: lejla-kh@yandex.ru, ORCID: 0000-0002-7571-8143.

Аманбекқызы Ж. – автор для корреспонденции, PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: zhandau06@gmail.com, ORCID: 0009-0005-6828-4542.

Сыздықова Г.О. – доктор филологических наук, доцент, и.о. профессора, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: go.syzdykova@mail.ru, ORCID: 0000-0001-6365-0113.

Хусаинова Л.М. – доктор филологических наук, профессор, Башкирский государственный педагогический университет имени М. Акмуллы, Уфа, Россия. E-mail: lejla-kh@yandex.ru, ORCID: 0000-0002-7571-8143.

Amanbekkyzy Zh. – corresponding author, PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: zhandau06@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-6828-4542>.

Syzdykova G.O. – Doctor of Philology, Associate Professor, Acting Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: go.syzdykova@mail.ru, ORCID: 0000-0001-6365-0113

Khusainova L.M. – Doctor of Philology, Professor, Bashkir State Pedagogical University named after M. Akmulla, Ufa, Russia. E-mail: lejla-kh@yandex.ru, ORCID: 0000-0002-7571-8143.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).